Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі

Қаңтар айында жүргізілген іс-шаралардың есебі

Роза Бағланованың 100 жылдығы

1.24 Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінеде іс шара өткізілді.

Мақсаты: Қазақ халқының әншісі Роза Бағланова өмірімен, шығармашылықтарымен таныстыру Ұлтымыздың вокалді оркестрінің қайраткерлер өмірімен таныс болу Музыкалық білімдерін,ән орындауға дағдыландыру.

Әнші Роза Бағланова туралы видеоролик көрсеіледі



Қазақстан және КСРО халық әртісі. 1922 жылдың 1-қаңтарында Қызылорда облысының Қазалы қаласында туған. 1939-1941 жж. Қызылорда педагогика институтында оқыды. 1941-1949 жж. Ташкент филармониясындағы мемлекеттік әйелдер ән-би ансамблінде әнші-солистік қызмет атқарды. Сол

ансамбльмен Ұлы Отан Соғысы жылдары майданда өнер көрсетіп, 1945 ж. 9 мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысқан.

1.25 Дінмұхамед Қонаев 110 жыл тәрбие сағаты

Оқушыларға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы мәлімет беру, өмірі, атқарған еңбектері туралы ақпарат беру.Димаш Ахметұлы Қонаевтың ел басқарған кезеңі 1955-1986 жылдары. Осы жылдарда Қазақстанның экономикасы 7 есе өсіпті. Халықтың саны өсті, ол республика қуатының өркендеуіне қол жеткізді.



Қорытынды: 1993 жылдың 22 тамызында ол дүниеден өткенде, онымен қоштасуға келген халықта есеп болмады. Опера театрынан Кеңсай зиратына дейін жолдың екі жағы адамға толып, сүйікті перзентін ақырғы сапарға шығарып салды. Сірә сияқты адамдарды әсте де өлді деуге болмайды. Ол артында өлмейтұғын іс қалдырған тұлға. Ол әрқашан халықпен бірге жасайды. Олардың жадында өмір сүреді. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өмірден өткен соң, 1994 жылы Д. А. Қонаевты есте қалдыру жөнінде Президент Н. Ә. Назарбаев қол қойған Жарлық шықты. Соған орай ол жұмыс істеген мекемеге, институтқа оның аты берілді. Тек Алматыда ғана емес, республиканың жер-жерінде, елді мекендерде де Қонаев атындағы көшелер бар. Тіпті жер-жерлерде оған ескерткіш те қойылып жатыр Осымен Ахметұлы Қонаевтың 100 жылдығына орай өткізілген «Мақтан тұтар ұлы тұлға» атты тәрбие сағатымыз аяқталды.

3.5 Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде қауіпсіздік іс шарасына байланысты диалог алаңы өткізілді.

Көше ережелері туралы тыңдау.

1. Көшеде жүру тәртібін орындамау транспорттың жүріп-тұруына кедергі келтіреді, жұмысшылар жұмысқа, оқушылар сабаққа, басқа да баратын жерлеріне дер кезінде жетпеуі мүмкін.
2. Көшеден өту үшін арнайы белгіленген жермен жүрген дұрыс. Егер бар болса, жер асты жолын пайдаланған жөн.
3. Мектепке келе жатқанда өзіңе қауіпсіз болатын жолды таңдай біл. Өткел тар болса, қарсы кездескен үлкен кісіге жол бер.
4. Тротуармен келе жатып қақпадан көрінген машинаны байқасаң өткізіп жібер. Көшеде тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлап өт, машина есігін ашып қалуы мүмкін.

Судағы негізгі қауіпсіздік ережелерін оқыңыздар және есте сақтаңыздар:

- тек жабдықталған жағажайлар мен басқа да шомылуға арналған орындарда, ресми рұқсаты және құтқару қызметі бар жерлерде шомылыңыздар;
- шомыла білмей белдеріңізден жоғары келетін суға кірмеңіздер;
- шомылу кезінде бір біріңізді көзден таса қылмаңыздар;
- жағадан алыс, қойылған белгіден ары жүзіп кетпеңіздер;
- жүзе білмей, дөңгелекті, үрлемелі матрасты пайдаланбаңыздар;
- жүзіп келе жатқан катерлер мен қайықтарға жақындамаңыздар;
- қайықтан, көпірден және кеме аялдайтын орыннан суға секірмеңіздер;
- суға көп шомылмаңыздар, аса тоңып және шаршап қалуларыңыз мүмкін;
- түнгі уақытта және мас күйлеріңізде суға шомылмаңыздар.

Мектептегі орттен құтқару тәртібі:

1.Дабыл қағу

2.101 телефонына қоңырау шалып, өрт сөндірушілерді шақыру

3.Құтқару

4.Жинақталу

5.Түгендеу

Дабыл: Кез-келген адам (мұғалім, оқушы,күзетші) өртті көргенде жедел дабыл қағу керек.

Құтқару: Дабылды естісімен, оқушылар сынып жетекшілердің бағыттауымен бір – бірлеп сыныптан шығып, белгіленген жерге жинаулары қажет. Құтқару кезіндегі қажетсіз есіктерді жабу керек.

Жиналыс: Жиналу жерді алдын ала белгілеу қажет. Жиылыс орнына келгендер сынып немесе адамдар тобы анық бір жерді белгілеп, шашырамай сол жерде болулары қажет. Сосын әр сынып жетекші түгендеу жүргізеді.

Өрт кезіндегі тәртіп

ЕРЕЖЕСІ: Өрт болып жатқан бөлменің есігін жауып кетіңіз. Өрттен қашқанда басқа адамға да айтыңыз.Әсіресе өрт жайлы мұғалімге айтыңыз. Эвакуация жасаңыз.

Оқушылардың сыртқы келбеті.

• Бекітілген үлгідегі мектеп формасын киюге:

5-8 сыныптар: форма фартук (шалбар), көк түсті пиджак, ақ түсті блузка.

• Косметиканы қатты жағып және сәндік бұйымдарын шамадан тыс тақпауға ұсыныс жасалады.

• Мектепте, тазалықты сақтау мақсатында барлық оқушылар, екінші жеңіл аяқ киім киіп жүруі керек.

• Спорттық киімді дене шынықтыру сабағында ғана кию керек, басқа сабақта кию орынсыз.

• Мектепте себепсіз сыртқы киіммен жүруге болмайды.

• Салтанатты жиналыстарға және жалпымектептік шараларға оқушылар мерекелік киім киіп келуге тиіс.

• Мерекелік кештерге, концерт және дискотекаларға оқушылар қалаған киімдерін киіп келеді.

Осындай іс шаралар өткізілді.



4.9 Салауатты өмір салты тақырыбында отбасылық оқу сағаттары өткізілді.

5-7 сыныптар арасында ата-аналармен бірлесе. «Салауатты өмір сүру-денсаулық кепілі» деген тақырып төңірегінде әңгіме қозғалды. Еліміздің келешегі жастардың қолында. Олар – білімді, жаңалыққа жаны құмар, ізденімпаз, еліне адал қызмет ететін жаңа буын өкілдері. Ол – мына отырған сендерсіңдер. Болашақ күтіп тұрған ауқымды істер атқару үшін білім мен мықты денсаулық керек. Сабағымыздың мақсаты – зиянды, жат қылықтардан аулақ болып, денсаулықты сақтаудың басты жолы салауатты өмір сүру екенін ұғыну.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті қашанда салауатты өмір салтын уағыздайды. Жаңа тұрмыс, уайымсыз өмір, ұзақ ғұмыр, жан мен тәннің саулығы – салауаттылықтың негізі. Халқымыз «Бірінші байлық – денсаулық » деп тегін айтпаған. Адамға ең бірінші денсаулық керек. Адам денсаулығының жақсаруы салауатты өмір сүрумен байланысты.

Салауатты өмір салты (СӨС) – бұл өз денсаулығыңды сақтауға және нығайтуға бағытталған жұмыстардың жиынтығы. Сондықтан адам жанының, тәнінің тазаруы, денсаулығының жақсаруы ең алдымен салауатты өмір салтына байлаысты. Соңғы мәліметтер бойынша адам денсаулығының 53%-ы салауатты өмір салтына байланысты.

Адам денсаулығына әсер ететін факторлар
53%-салауатты өмір салтына
20%-тұқым қуалаушылыққа
17%-қоршаған орта жағдайына
10%-денсаулық сақтау мекемелеріне байланысты.
Денің сау болсын десең мынадай негізгі талаптарды орындау қажет.
СӨС ұстанымдары
1.Жеке бас гигиенасын сақтау.
2.Күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру.
3.Дұрыс тамақтану.
4.Зиянды әдеттерден аулақ болу.
5.Спортен шұғылдану.
6.Қоршаған ортаның тазалығы.
7.Жанжалдар мен кикілжіндердің алдын алу.
8.Тиімді демалыс.
СӨС ұстанымдары бойынша тапсырмалар беріледі.
Денсаулық туралы мақал-мәтел
1.Тәні саудың(жаны сау).
Жарлының байлығы – (денінің саулығы)
Шынықсаң(шымыр боласың)
Ауруын жасырған(өледі).
Аяғына қарап(асын іш).
2. Ауру (астан),
Дау (қарындастан).
Днеі сау адам – (дәулетті адам).
Ішің ауырса, (аузыңды тый).
Көзің ауырса, (қолыңды тый).
Салауатты сұрақтар
1-топқа:
Денсаулықты сақтауға үйрететін ғылым.(Валеология)
Құрамында этиль спирті бар, ол не?(ішімдік)
Қоршаған ортаның адамға әсері бар ма?(бар, шамамен ағзаға әсер ету дәрежесі 17)
Шылымның зияны тиетін мүше(өкпе)

2-топқа:
Темекінің құрамындағы улы зат?(никотин)
Медицинаның атасы кім?(Гиппократ)
Зиянды әдеттер(темекі, арақ, есірткі)
Гигиена талаптарын орындамаудың салдары неге алып келеді?(ауруға, жаман әдетке)
Қорытынды. Бүгінгі оқу сағатында зиянды әдеттер, салауатты өмір салты туралы мағұлымат алдық. «Сау дене, азат ақыл, адал көңіл, үшеуімен болады өмір» деген нақыл сөзбен сабағымызды аяқтаймыз. Келешектің келелі істерін жүзеге асыру үшін салауатты өмір салтын қолдайтын білікті де іскер жастар боламыз деп сендіреміз.







7.5 Ұлдарымен жұмыс. Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде ұлдармен бірге диалог аланы өткізілді ұлдар өз ойларымен бөлісті, ненің дұрыс ненің бұрысекенің анықтап ойларын ортаға салды. .
Мақсаты: Ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру, отбасында да, қоғамдық ортадағы тәрбиеде де ер баланы еңбек етуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу.

«Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі».

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Өнерге, мәдениетке, өткен тарихқа, отаншылдыққа өз көзқарастарын тәрбиелей отырып, отбасының алтын арқауы – негізі болуға үйрету. Мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру.

Дамытушылық мақсаты: қыз баланының қоғамның белсенді мүшесі екенін ұғынуға, адал достықты, таза махаббатты түсінуге тәрбиелеу.

Қорытынды: Бүгінгі диалог аланында кейбір оқушылар өз бойындағы кемшіліктен арыла білуі керек, бұл әрбір адам болам, азамат болам деп құлшынған жанның қолынан келер нәрсе. Бүгінгі бозбала – ертеңгі қамқор әке, баланың панасы, әулеттің тірегі, бүгінгі бойжеткен – ертеңгі аяулы ана, ақылшы әже, әулеттің ұйтқысы.

7.8 Оқушыларды заңнама туралы хабардар ету мақсатында жоғары сынып оқушыларына алдын алу , түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушылармен құқық пәнінің мұғалімі Канафина Г.Ж сұрақ-жауап алмасты

Жоғары сынып оқушылары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін қалыптастыру бойынша дәрістер өткізілді. Құқықтық тәрбиенің негізінде бала және отбасы құқығын қорғау бойынша ҚР-ң заңнамасы мен ережелері, БҰҰ-ң бала құқықтары туралы Конвенциясы, БҰҰ-ң бала құқықтарын қорғау туралы Декларациясы, бала құқықтарын қорғаудың халықаралық құқық жүйесі жайында мәселелер қарастырылады.

Дәрістің мақсаты: білім берудің іргелі құрам бөлігі ретінде әлеуметтік және білім беру құқықтарын білуге, Қазақстан Республикасының бала және отбасы құқығын қорғау бойынша заңнамалық және нормативтік базасын зерделеуге және болашақ жастарға құқықтық мәдениет негіздерін үйретуге бағытталған.

Жоғары сынып оқушыларына құқық пінің мұғалімі Канафина Г.Ж дәріс оқып, мектептің тәрбие бөлімі таныстырылымдар арқылы Құқықбұзушылықтың алдына алу негізінде,құқықбұзушылықтың түрлеріне тоқалып, бала құқығы туралы ой бөлісіп, себебі мен салдары туралы тоқталды. Видеороликтер көру арқылы заңды бұзған жағдайда қандай шара қолданатыны туралы айтылды.

Б.Момышұлы айтқандай «Тәртіпке бағынған құл болмайды» демекші тәртіп сақтап жүру, тыныш өмір сүрудің кепілі екені түсіндірілді.



8.5 Қазіргі қоғамдағы экстремизмнің қауіпі тақырыбында диалог алаңы өтілді.

Қазіргі таңда діни - ахуал жағдайында жалпы экстремизм деген терминге зерттеушілер ортақ бір ұқты мазмұн беретін балама сөз тапқан жоқ. Әр ғалым өзінше сөз саптайды. Бір анығы, қоғам үшін бұл – үлкен қауіпті құбылыс. Енді осы экстремизмнің мағынасын объективті түрде түсіндіріп көретін болсам, экстремизм (extremus) деген латын тілінен енген термин, *сөздің мәні соңғы, шеткі деген мағынаны білдіреді, ал саяси мағынасы шектен шыққан көзқарас пен іс -әрекет арқылы ерекшеленетін күрделі әлеуметтік феномен. Сонымен қатар, бұл – тікелей немесе жанама түрде парламенттік демократияны жоққа шығаратын саяси қызмет түрі.*

Экстремизмнің негізгі белгілері менің ойымша ***біріншіден,*** мемлекетте диктатура орнатуды ашық жариялайды, яғни бұл дегеніңіз елдегі азаматтардың саяси және азаматтық құқықтарын кемсіту; ***екіншіден,*** елдегі конституциялық құрылымды үзілді - кесілді мойындамайды, оны зорлық - зомбылық күшімен жоюға және билікті заңсыз басып алуға ашық түрде насихаттайды; ***үшіншіден,*** заңсыз қарулы жасақтар құрады; ***төртіншіден,*** елде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тіл және діни алауыздықты қоздырады, сонымен қатар, осы ерекшеліктер бойынша азаматтардың құқығын шектеуді мақсат етеді; ***бесіншіден,*** елде белгілі бір ұлттың немесе діни конфессияның тоталитарлық режимін орнатуға ұмтылады.

Сонымен, «діни экстремизм» дегенді қоғамдағы дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығару. Дәстүрлі дінге жат «идеяны» белсенді насихаттау.

Оқушылар ақпарат беріліп, түсіндіріу жұмыстары жүргізіліді. Терроризм туралы бейне баянды көріп болғаннан кейін оқушыларға сызба суреттер таратылды, оқушылар суреттерді бояп болып жатқан оқыйға туралы мәліметтер айтып берді.





Терроризм туралы түсінік. Оқушылар оз ойларын қағаз бетіне түсірді.